

## **6-тақырып. Педагогтің цифрлық сауаттылығы мен құзыреттілігін қалыптастырушы компоненттер және факторлар**

### **Жоспары:**

- 1) Білім беруді цифрландыру жағдайында қазіргі педагогтың рөлі.
- 2) Цифрлық білім беру процесінің қалыптасуына әсер ететін факторлар.

### **Ұсынылатын әдебиеттер**

#### **Негізгі әдебиеттер:**

1) Бузаубакова К.Д., Амирова А.С., Маковецкая А.А. Цифрлы педагогика: Оқулық. -Тараз: «ИП «Бейсенбекова Ә.Ж.», 2022. -314 б.

2) Бузаубакова К.Д., Беделбаева А.Е. Цифрлы білім беру ортасындағы педагогтің қызметі: Оқулық. -Тараз: «ИП «Бейсенбекова Ә.Ж.», 2024. -129 б.

#### **Интернет-ресурстар:**

1) [http://lib.dulaty.kz/rus2/all.doc/Elektron\\_res/Buzaubakova.html](http://lib.dulaty.kz/rus2/all.doc/Elektron_res/Buzaubakova.html)

2) <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

3) [www.smart-pedagog.kz](http://www.smart-pedagog.kz)

4) <https://edu-collaboration.kz/kk/>

### **1. Білім беруді цифрландыру жағдайында қазіргі педагогтың рөлі**

Білім беру процесінің технологиялылығын, білім берудің икемділігін, сондай-ақ білім алушылардың қызығушылығы мен уәждемесін арттыруды қамтамасыз ететін тұжырымдамалық ережелерді дамыту және енгізу бүкіл педагогикалық қоғамдастыққа жоғары талаптар қояды, педагогтің жаңа кәсіби құзыреттіліктер мен цифрлық дағдыларды меңгеруін, цифрлық контентті сенімді меңгеруін талап етеді.

Цифрлық сауаттылық қасиет емес және өздігінен пайда болмайды, бұл цифрлық қоғамда өмір сүруге қажетті білім, дағдылар мен көзқарастар жүйесі. Сондықтан қазіргі педагогтің, цифрлық болашақ мұғалімінің кәсіби шеберлігін арттыру үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесін дамытусыз және өзгертусіз мүмкін емес.

Қазіргі уақытта білім беру жүйесін айтарлықтай жаңарту мақсатында педагогикалық қызметкерлердің кәсіби шеберлігін үздіксіз арттыру орталықтарын құру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бұл ретте білім беру процесіне заманауи цифрлық технологияларды енгізу, атап айтқанда, бұлтты сервистерді қолдану алгоритмдерін меңгеру, жалпы және қосымша білім беру жүйелерінде интерактивті онлайн оқытуды жобалау, онлайн-курстарды негізгі білім беру бағдарламасына интеграциялау модельдері мен технологияларын пайдалану мәселелері біліктілікті арттыру шеңберінде айқындалды.

Қазіргі педагог модератор, білім беру траекторияларын әзірлеуші, тьютор, жобалық оқытуды ұйымдастырушы, онлайн білім беру платформасының үйлестірушісі, стартаптар менторы, ойын шебері, ойын педагогі, майнд-фитнес бойынша жаттықтырушы, оқыту құралдарын әзірлеуші болуы тиіс (24-сурет).

Сондықтан қазіргі заманғы педагог қолда бар цифрлық технологияларды тиімді қолдануды біліп қана қоймай, әртүрлі мәтіндік және графикалық редакторларды, ақпаратты өңдеу құралдарын, электронды презентациялар жасау үшін бағдарламаларды қолдана білуі керек, сонымен қатар жаңа технологияларды игеріп, өзін-өзі жетілдіруге және өзінің цифрлық сауаттылығы мен қажетті цифрлық дағдыларын дамытады.

Заманауи педагог келесі цифрлы дағдыларды игеруі керек:

- **жалпы цифрлық дағдылар**: ғаламтордан ақпарат іздеу, кеңсе бағдарламалық жасақтамасын пайдалану, деректерді өңдеу және талдау құралдары және т. б.;

- жаңа тапсырмаларды орындауға байланысты **қосымша цифрлық дағдылар**: білім алушылармен және ата-аналармен қарым-қатынас жасау үшін әлеуметтік желілер мен басқа да цифрлық мессенджерлерді пайдалану;

- **арнайы дағдылар**: цифрлық экономиканың соңғы қызметтерін пайдалану (мысалы, білім беру мазмұнын орналастыру үшін бұлтты технологиялар мен қоймаларды пайдалану).



**Сурет 24 – Білім беруді цифрландыру жағдайында қазіргі педагогтың рөлі**

Үлкен және алуан түрлі деректерге шектеусіз қол жеткізу, ақпарат алмасудың жоғары жылдамдығы жағдайында әдістемелік сүйемелдеу және білім алушыларға қолда бар ақпаратты таңдауда, шынайылығын бағалауда, түсіндіруде және талдауда көмек көрсету ерекше маңызға ие.

Заманауи технологиялар шығармашылық пен дараландыру мүмкіндіктерін кеңейтеді, материалды қалай меңгеруге болатындығын басшылыққа алып, педагогтың білім алушымен тиімді қарым-қатынасына ықпал етеді.

5-кестеде цифрлық сауаттылық компоненттерін бағалаудың негізгі критерийлері (белгілері) ұсынылды.

**Кесте 5 – Цифрлық сауаттылық компоненттерін бағалау критерийлері**

| Цифрлық сауаттылық индикаторлары            | Білім  | Дағдылар   | Шарттар   |
|---|--|--|---|
| Ақпараттық сауаттылық                       | Ақпараттың адам өміріне әсер етуінің ролі мен дәрежесін түсіну                           | Әртүрлі ресурстардан ақпаратты іздеу және табу мүмкіндігі                                | Ақпараттың пайдасы мен зиянын түсіну  |
| Компьютерлік сауаттылық                     | Компьютердің техникалық компоненттерін және олардың өзара әрекеттесу принциптерін түсіну | Платформаға / интерфейске қарамастан сандық құрылғыларды пайдалану жеңілдігі             | Компьютерді пайдалану мақсаттарын түсіну  |
| Медиа сауаттылық                            | Ақпарат көздерінің алуан түрлілігін, оның таралу нысандары мен арналарын түсіну          | Жаңалықтарды әртүрлі көздерден іздей білу, олардың толықтығы мен дұрыстығын тексеру      | Ақпараттық хабарлама, жаңалықтарға сыни көзқарас                                    |
| Коммуникативті сауаттылық                   | Цифрлық коммуникация және тікелей қарым-қатынастың арасындағы айырмашылықты түсіну       | Қазіргі заманғы коммуникация құралдарын (әлеуметтік желілер, мессенджерлер) қолдана білу | Цифрлық ортада қарым-қатынастың ерекше этикасы мен нормаларының болуын түсіну       |
| Технологиялық инновацияларға деген көзқарас | Технологиялық трендтерді түсіну  | Жаңа және заманауи технологиялар, қосымшалар, гаджеттермен жұмыс істеуге дайын болу      | Технологиялық инновацияның қоғамды дамыту үшін де, жеке өзі үшін де пайдасын түсіну |

Заманауи педагог интернеттің цифрлық ортасында сенімді түрде шарлауы керек, «бәрінен хабардар» болуы керек, жаңа білім мен мәліметтер формаларын, түсіндірмелерді және олармен жұмыс істеу тәсілдерін іздей білуі керек. Оның таралу жылдамдығының едәуір артуы аясында ақпараттың үлкен дерекқорларына қол жеткізу мүмкіндігі білім беруді түбегейлі өзгертеді және педагогикалық қауымдастықтан жаңа құзыреттерді игеруді талап етеді. Оқыту технологиясын қосымша ресурс ретінде пайдаланудан гөрі технологияны пайдалану арқылы білімді құру, сақтау, интеграциялау, беру және қолдану процесі ретінде қарастырылуда.

Педагогтің цифрлық сауаттылығын қалыптастырудың басым бағыттары:


- заманауи компьютерлік техника және бағдарламалық қамтамасыз ету саласындағы педагогтердің білімін, кәсіби біліктіліктерін, сондай-ақ олардың компьютермен жұмыс жасау жылдамдықтарын арттыру;
- заманауи технологияларды (гаджеттер мен қосымшаларды) пайдалану дағдыларымен жұмыс істеуді дамыту;
- Интернеттен және БАҚ-тан ақпаратты верификациялау саласында, сондай-ақ заманауи гаджеттердің адамның күнделікті өміріне пайдасына қатысты көзқарастарды дамыту.

## 2. Цифрлық білім беру процесінің қалыптасуына әсер ететін факторлар

Қазіргі педагогтің кәсіби даму құрылымында цифрлық сауаттылықтың төмендегідей негізгі ережелерін анықтауға болады:

- жаңа цифрлық технологияларды (ақпаратты өңдеудің интерактивті құралдары, мобильді технологиялар, электрондық ресурстар, цифрлық коммуникация құралдары) тиімді пайдалану;
- Интернетте тиімді бағдарлану, жаңа білімді, деректердің әртүрлі нысандары мен түрлерін іздеу және өңдеу мүмкіндігі;
- заманауи цифрлық технологияларды қолдану арқылы жаңа білім беру өнімдерін, интерактивті оқу материалын жасау мүмкіндігі.

Дәл осы білім, дағды мен көзқарастар ақпараттық, компьютерлік, коммуникативтік сауаттылыққа, сондай-ақ медиасауаттылыққа және алдағы жылдарға арналған технологиялық инновацияларға деген көзқарасқа қойылатын талаптарды анықтайды (25-сурет).



Сурет 25 – Цифрлық білім беру процесінің қалыптасуына әсер ететін факторлар

Цифрлы ұрпақ өкілдерінің-цифрлы педагогтің көпшілігі көбіне заманауи цифрлық технологияларға когнитивті даму тұрғысында және әлеуметтік даму тұрғысында бағдарлануы керек (26-сурет).

**Білім беруді ақпараттандырудың факторлары:**


**Сыртқы факторлар** қоғамның қажеттілігіне қарай білім беру жүйесінің нәтижелілігіне қойылатын талаптарды қанағаттандыратындай білім беру жүйесін ақпараттандыру процесіне тікелей әсер етеді: цифрлық білім беру ресурстарына қол жетімділікті қамтамасыз етеді; жаңа білім беру стандарттарына және оқу құралдарының мазмұнына әсерін тигізеді.

**Саяси факторлар.** Цифрландыру үрдісі елдің дамуына елеулі үлес қосады.

**Экономикалық факторлар.** Бүгінде цифрландыру үрдісі мемлекеттің экономикасының алға ілгерілеуіне әсер етеді: Интернет желісінің жылдамдығы, қоғамның әрбір мүшесінің мобильді құралдармен қамтасыз етілуі деңгейі және т.б.

**Технологиялық факторлар.** Елімізде білім беруді ақпараттандыру үшін технологиялық базасы күшеюде: мультимедиалық кабинеттер мен виртуалды зертханалар, электронды кітапханалар, интерактивті тақта және т.б. жасақталуда.

**Әлеуметтік-мәдени факторлар.** Білім беруді ақпараттандыру қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік мәселелерін шешуге ықпал етеді.



Сурет 26 – Цифрлы педагогтің даму бағыттары

**Ішкі факторлар** білім беру жүйесі аясында өрбитін процестерге тікелей қатысты болады (27-сурет).



**Сурет 27 – Білім беруді ақпараттандырудың ішкі факторлары**

28-суретте білім беруді ақпараттандырудың алғы шарттары ашылды.



**Сурет 28 – Білім беруді ақпараттандыруда сапалы білім алудағы теңсіздікті азайтуға көмектесетінін алғы шарттар**

Цифрлық технологиялар педагогикалық процесті автоматтандырылған қондырғылармен, ақпараттық бағдарламалармен, цифрлы құрылғылармен жобалауға және басқаруға мүмкіндік береді.